Биылғы жылдан бастап колледж бітіруші түлектер өз мамандығына сәйкес мамандыққа түсу үшін екі пәннен ТКТ (шығармашылық мамандықтарды есептемегенде) тапсырды. Колледжіден кейін сәйкес мамандыққа 958 (шығармашылық мамандықтарды есептемегенде) талапкер екі пәннен ТКТ тапсырды. Соның ішінде, 65-і (6,7%) шектік 35 балды жинап отыр. Колледжіден кейін сәйкес мамандыққа екі пәннен тапсырған 958 талапкердің 893-і шектік 35 балдан (93,3%) өтпеді. 2 пән бойынша ТКТ тапсырып, шығармашылық емтиханға қатысқан талапкерлер саны – 75 (7,2%), соның ішінде, 73-і (97,3%) шектік 5 балды жинай алмады.

Орташа балл 5 пән бойынша (шығармашылық мамандықтарды есептемегенде)– 51,9% (4 пән бойынша 2016 ж. - 32,8%, 2015 ж. - 33,5%).

Орташа балл 2 пән бойынша (шығармашылық мамандықтарды есептемегенде) – 22,2%. Жалпы білім грант конкурсында БҚМУ 1904 талапкерден өтініштер қабылдады (2016 ж. – 1875, 2015 ж. - 1831, 2014 ж. - 1962, 2013 ж. - 3169). Соның ішінде, 104-і колледжіден кейін, 1800-і ҰБТ-дан кейін. Республикалық конкурстық комиссия жұмысының қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне 314 (2016 ж. – 207, 2015 ж. - 309, 2014 ж. - 317) мемлекеттік білім гранты бөлінді. Соның ішінде, жалпы конкурс бойынша - 238 (2016 ж. – 137, 2015 ж. - 119, 2014 ж. - 167), «Мәңгілік ел жастары- индустрияға!» жобасымен 60 грант (2016 ж. – 70, 2015 ж. - 190, 2014 ж. - 150 грант), 9 айлық тілдік дайындық курсынан кейін 16 грант (2016-2017 оқу жылы бойынша 33 тыңдаушы университет базасында дайындық бөлімінде оқып, ТКТ-ға қатысты).

«Мәңгілік ел жастары- индустрияға!» жобасы аясында оқуға қабылдау бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне 2017 - 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысынан төменде көрсетілген мамандықтар бойынша келесі квоталар бекітілді :

«Мәңгілік ел жастары- индустрияға!» жобасы бойынша мемлекеттік білім грант квотасы (2014 – 2017 о.ж.):

№	Шифр	Мамандық	2014 ж. грант саны	2015 ж. грант саны	2016 ж. грант саны	2017 ж. грант саны
	5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	8	10	-	5
	5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	15	15	-	-
	5B010900	Математика	17	15	10	5
	5B011000	Физика	15	15	10	10
	5B011100	Информатика	15	15	-	2
	5B011200	Химия	15	10	10	5
	5B011300	Биология	10	15	10	6
	5B011400	Тарих	10	10	10	5

	5B011600	География	5	5	10	5
	5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	20	15	10	7
	5B011900	Шет тілі: екі шет тілі	20	15	-	5
	5B072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	-	10	-	-
	5B072000	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	-	20	-	-
	5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	-	20	-	-
	5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	-	-	-	5
Барлығы			150	190	70	60

2017-2018 оқу жылында университетімізден 11 педагогикалық мамандық сол конкурсқа қатыстырылды.

Осы әлеуметтік жоба бойынша ағымдағы жылдың маусым айынан бастап Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жастарымен проректорлар басшылығымен жұмыс топтары кәсіби бағдар және кеңес беру жұмыстарын жүргізді.

«Мәңгілік ел жастары - индустрияға!» жобасы аясында атқарылған жұмыстар нәтижесінде 151 талапкер (698 ішінен) өтініш бланкісінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ды бірінші етіп белгіледі.

Республикалық конкурстық комиссия жұмысының қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне **314** мемлекеттік білім гранты бөлінді. Соның ішінде **38** «Алтын белгі» иегері (2010 ж. – 5, 2011 ж. – 10, 2012 ж. – 7, 2013 ж. - 3, 2014 ж. – 2, 2015 ж. - 5, 2016 ж. - 10)

«Алтын белгі» иегерлерінің БҚМУ-ды таңдауы университеттің басқа оқу орындары арасында беделінің бар екендігін көрсетеді.

Грантпен қабылданған студенттердің ішінде:										
		Алтын белгі	Автономды білім беру ұйымдары (Назарбаев зияткерлік мектебі)	Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары	Спорт жарыстарының жеңімпаздары	Жетім балдар	I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар	Қазақ диаспоры	Соңыс ардагерлеріне және соғыс мүгедектеріне	Техникалық және кәсіптік білім беру
Мемл. тапсырыс бойынша	2014	2	-	1	1	7	4	-	-	-
Мемл. тапсырыс бойынша	2015	5	2	1	1	6	4	1	1	-
Мемл. тапсырыс бойынша	2016	10	2	-	4	12	8	-	-	14
Мемл. тапсырыс бойынша	2017	38		1		7	10			

2017 жылы «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 19.01.2012 жылғы №111 Қаулысына өзгерістер енгізілуіне сәйкес, биылғы жылы педагогикалық мамандықтарға оқуға қабылдау арнаулы емтихандардың нәтижесі бойынша жүргізілді.

Арнаулы емтихандар 2017 жылдың 20.06.-18.08.2017 ж. аралығында №4 ғимараттың 205-дәрісханасында өткізілді.

Арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен комиссия құрамы бекітілді.

Арнаулы емтиханның мақсаты педагогикалық мамандықтарға түсу кезіндегі оқуға түсушілердің педагогикалық қызметке бейімділігін айқындауға бағытталған, сонымен қатар, талапкерлердің дара қабілеттерінің және жекелік бағыттағы кәсіпті меңгерудегі тұлғалық алғы шарттарының болуын тексеру болып табылады.

Арнаулы емтихан педагогикалық жағдаяттан тұрды. Талапкерлерге педагогикалық жағдаят ұсынылды, сол бойынша талапкер өз ойларын қағаз бетіне жазып, шешімін тапты. Арнаулы емтиханның қорытындысы “өтті” немесе “өтпеді” деген нысанда бағаланды.

Нәтижесінде, жоғарыда аталған уақыт аралығында университетіміз бойынша **1393** (2016 ж.-1952) талапкер арнаулы емтиханды тапсырып шықты.

18.08.2017 ж. Ұлттық тестілеу орталығының нұсқаулығы бойынша арнаулы емтиханның базасы жабылды.

Арнаулы емтихан қорытындысы бойынша педагогикалық мамандықтарға **734** (2016 ж.-882) талапкер, соның ішінде **3** (2016 ж.-14) талапкер шартты түрде қабылданды.

2017 жылдың 28 тамызында студенттер қатарына қабылдау өткізілді. 2017 жылы бакалавр мамандығына **314** (2016 ж. - 204, 2015 ж. - 299, 2014 ж. - 308, 2013 ж. - 192) студент мемлекеттік білім беру гранты негізінде қабылданды: күндізгі оқу бөліміне 303 (2016 ж. -191, 2015 ж. - 290, 2014 ж. - 272, 2013 ж. - 175) студент; сырттай оқу бөліміне 11 (2016 ж.-13, 2015 ж. - 9, 2014 ж. - 36, 2013 ж. - 17) студент.

Қабылдаудың нәтижесі бойынша оқудың күндізгі бөліміне орта білімнен кейін – **1087** (2016 ж. - 1110, 2015 ж. - 1094, 2014 ж. - 1103, 2013 ж. - 1058) талапкер, соның ішінде **4** (2016 ж. - 33) талапкер шартты түрде қабылданды.

Орта кәсіптік білімнен кейін – **66** (2016 ж. - 122, 2015 ж. - 62, 2014 ж. - 30, 2013 ж. - 38) талапкер, соның ішінде **7** талапкер (2016 ж. - 38) шартты түрде қабылданды.

Барлығы – **1121** (2016 ж.-1232, 2015 ж.-1156, 2014 ж. - 1133, 2013 ж. - 1096) талапкер.

Сырттай оқу түріне орта кәсіптік білімнен кейін – **91** (2016 ж. - 111, 2015 ж. – 121, 2014 ж. - 272, 2013 ж. - 186) адам, ал жоғары оқу орнынан кейін – **189** (2016 ж. - 186, 2015 ж. – 168, 2014 ж. - 364, 2013 ж. - 252) адам қабылданды.

Барлығы – **280** (2016 ж.-297, 2015 ж. – 289, 2014 ж. - 636, 2013 ж. - 438) талапкер.

2017-2018 оқу жылына университет **52** бакалавриат (2016 ж. - 47) мамандығы бойынша барлығы **1401** (2016 ж.-1529, 2015 ж. – 1445, 2014 ж.-1769, 2013 ж.-1534) студент қабылдады.

ҰБТ тесттерінің спецификациясының өзгеруі (бейіндік пәндері бойынша ашық сұрақтардың енгізілуі, екінші бейіндік пәннің қосылуы), ҰБТ тапсырғаннан кейін ҚР БжФМ бекіткен шектік деңгейінен өтпеген (50 балдан) бітірушілер санының ұлғайуы, орта білімнен кейін сырттай оқу түрінің жабылуы, техникалық және кәсіптік білім түлектеріне кешенді тестілеудің жаңа форматы енгізілуі сияқты биылғы жылдың төмен деңгейін ескере отырып, күндізгі бөлімге ақылы негізінде қабылданған талапкерлердің сандық көрсеткіші жаман емес деуге болады.

Язык мой – друг мой

Народная мудрость гласит: «Сөзден асқан байлық жоқ, тілден асқан жүйрік жоқ» («Нет богатства выше слова, нет скакуна быстрее языка»). В весомой правоте этого изречения можно было убедиться, посетив мероприятия в рамках завершившейся в стенах нашего университета декады, посвященной Дню языков народов Казахстана.

Декада под девизом «Мәңгілік ел» - начинается с родного языка, с родного края» стартовала в актовом зале вуза 15 сентября. Под звуки фанфар ведущие - студенты филологического факультета университета Назым Жеткерова, Тимур Мурзагалиев и Айханым Абжалиева, свободно владея казахским, русским и английским языками знакомят с программой декады и задают многоязычный тон предстоящим событиям форума.

Со словами поздравления к участникам праздника обратилась проректор вуза по воспитательной работе, кандидат филологических наук, доцент Т.М. Даришева. Она подчеркнула важность проводимой декады, ее задачи, вытекающие из программной статьи главы государства, Президента страны Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», отметила, что сегодняшним студентам университета самым непосредственным образом придется нести в массы языковую политику государства, быть гарантами единства и дружбы многоязычного населения, призвала их воспользоваться широкими возможностями, предоставляемыми материально-технической базой университета, профессорско-преподавательским составом старейшего вуза страны. Подчеркнув непреходящее значение родного языка, переживающего в эти дни реформу своего алфавита, Т.М. Даришева остановилась на роли русского и английского языков в получении молодыми специалистами новейшей информации во всех отраслях, отметила необходимость развития языков всех 130 этносов, населяющих нашу страну, в процессе которого будущие педагоги примут самое активное участие, пожелала плодотворной работы в ходе всех запланированных мероприятий декады.

Директор института «Мәңгілік ел», профессор А.С.Тасмагамбетов остановился на историческом пути, пройденном Казахстаном за 25 лет Независимости, внимании и заботе, проявляемой в казахстанском обществе языком народов страны, отметил, что такие понятия как дружба и единство народов, государственность нельзя рассматривать вне контекста языковой политики, поблагодарил преподавателей и студентов филологического факультета за многогранную работу, проводимую ежегодно в рамках декады.

«Язык-основа - любой культуры», - подчеркнул, обращаясь

к участникам декады декан филологического факультета З.Ж.Мутиев, - призвал их к неустанному пополнению знаний и навыков, столь необходимых сегодня для формирования высококвалифицированных специалистов.

С поздравлениями и пожеланиями к преподавателям и студентам вуза обратились на открытии декады руководитель отдела областного Департамента языков Г.К. Бисенгалиева, заведующая сектором областной библиотеки имени Ж.Молдагалиева А.Р.Нуфтуллина, специалист отдела рекламы и связи с общественностью областной библиотеки для детей и юношества имени Х.Есенжанова С.С.Быков.

На открытии декады с чтением своих произведений выступили молодые поэты-студенты филологического факультета. Их имена еще мало знакомы окружающим, но постоянная учеба и поиск, безусловно, помогут им стать настоящими поборниками слова, высококвалифицированными специалистами-языковедами. На открытии декады прозвучали песни о богатстве и красоте родного языка, зрители по достоинству оценили и танцы народов Казахстана в исполнении студенческих групп и коллективов.

Одним словом, праздник удался.

В ходе дальнейших мероприятий декады, в течение 10 дней состоялись заседания «круглых столов» по вопросам развития и функционирования языков в Казахстане, кураторские часы, дебаты, интеллектуальные игры, встречи с учеными-языковедами, поэтические состязания в жанре «мушайра», защиты студенческих проектов, вечера поэзии. О них мы расскажем в последующих номерах газеты.

Н. КУАНГАЛИЕВ



ТУҒАН ТІЛІМ, ТҰҒЫРЫҢ БИІК БОЛҒАЙ!

Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

Ғ.Мүсірепов

Тіл – әрбір ұлттың намысы, оның қаны мен жаны, ожданы мен ары, тыңдаушысының құлағына естіліп, сыртқа шығатын кестелі ойдың үні, ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы. Тілдің көмегімен бізді қоршаған әлемді танимыз, білімді, ғылымды игереміз, тамыры тереңнен бастау алар тарихымызды саралаймыз, рухани байлығымызды кеңейтеміз. Сондықтан да адам баласының қастерлі байлығының бірі – тіл болып қала беретініне ешкім де дау тудырмай. Тіл арқылы ұлттың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өмірлік танымы мен ұстанымы, мінезі, жалпы арман-мұңы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, сабақтасып отырады. Тіл жоқ жерде ұлт та жоқ. Демек, тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы болып қала береді.

Әр тіл өзінше бір әлем. Қай халықтың болса да алтын діңгегі, ұлттық санасының негізгі іргетасы, тектілік белгісі, қозғаушы күші. «Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ» деген сөз тауып айтылғандай. Қазақ жері қаншалықты кең байтақ болса, тілі де соншалықты бай.

Өткен ғасырлардағы ата-бабаларымыздың жырларын, ән-күйлерін, ертегі-аңыздарын, мақал-мәтелдерін, тарихын атадан балаға жеткізуші – қасиетті ана тіліміз. Қазақ халқының бүгінгі ұрпағы мақтанғысы келсе, артына осыншама тіл байлығын қалдыра білген бабаларымен мақтана алады. Мағжан ақынның:

Ерлік, елдік, бірлік, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың - деуі осыны айғақтай түседі.

Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағалап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санаған. «Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деген сөздері халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. «Сүйемін туған тілді – анам тілін, Жеректе жатқанымда-ақ берген білім»-деп С.Торайғыров жырлағандай, ана тілі ананың ақ сүтімен, ананың әлдімімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, бойға дариды. «Ана тілі» деп аталуының себебі де осы емес пе? Ана тілін қадірлеу – мемлекетіңді, ұлтыңды, өзіңді қадірлеу.

Бүгінгі күні қазақ тілінің мемлекеттік биік мәртебесіне лайық деңгейде қызмет атқару қажеттілігі заман талабынан туындап отыр. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – бүкіл халықтық іс. Еліміз нық сеніммен болашаққа қадам басқан кезінде мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданыс аясының ауқымы ана тілінің қадірін ұғынып, қасиетін пайымдаған барша жанашыр азаматтарды алаңдатыры сөзсіз. Бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда елдің бірлігі, ұлттардың достығы ауадай қажет екендігі баршаға аян. Осы достықты жалғастырып, нығайта түсетін маңызы зор құралдың бірі, әрине, тіл.

Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт - санамыз бен дініміз де осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда тіліміздің маңызы ерекше. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады демей ме?!

Кей жастардың сөз саптауына, қазақ тілінде бірдеңе сұрай қалсаң міңгірлеп жауап беруге жалтаратынына, оның орнына орыс тіліне жүгіне салуды жөн көріп тұратын замандастарымды көргенде қарның ашиды. Тіліміздің бөтен сөздермен шұбарлануы, сөйлеу мәдениетіміздің төмендеп бара жатқанын көргенде басқа ұлттың алдында ұялатындай деңгейге жетіп қалдық па деген ой мазалайды. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан қасиетті ана тіліміздің құрдымға кетуіне жол бермеуіміз керек. Тіліміздің келешегін кемел, болашағын биік, тұғырын берік ұстаймыз десек мәңгілік құламас бәйтерекке айналдыруымыз керек. Өз тілімізде сөйлеп тұрса да, тілінің жұтаңдығы, ойын толыққанды еркін жеткізе алмай жататындар да жоқ емес. Ана тілімізде келістіре сөйлеп, тіл байлығымызды кеңейтеміз деген адам кітапхана есігін сағындырмай ашып тұрса жөн болар еді. Әрі кетпей-ақ, ниеттенген адамға ғаламтор арқылы да кітап беттерін парақтауға еш кедергі жоқ. Қанша тіл біліп, қанша елдің ілімін иегрсек те артықтық емес, әрине. Бірақ, отаншылдық сезім - патриотизмнің, ұлттық рухтың құлдырауына ешқашан да жол бермеуіміз керек.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» демекші, қорыта келгенде айтарым, кеудесінде жүрегі «мен қазақпын» деп соғатын азамат өзінің ана тілін шексіз сүйіп, оның сақталып, келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыруы үшін аянбай тер төгіп, қызмет етуі керек. Қашан да ұлттық құндылығымыз болып қала беретін тіліміздің болашағына әрбір адам бейжай қарамай, қайта сол зор жауапкершілікті жекелей сезіне білсе екен деймін. Сонда ғана біздің ана тіліміз – қазақ тілінің болашағы жарқын, келешегі кемел болары ақиқат. Туған тіліміздің тұғыры қашан да биік болсын!

Айсана МАХМУДОВА,

география мамандығының 01411а-тобының студенті

Жыл сайынғы дәстүр бойынша биыл да Қазақстан Республикасының тілдер мерекесіне орай 18-22 қыркүйек аралығында «Тіл – алаштың ары, бұлқынған асау намысы» атты апталық өтті.

Тіл-алаштың ары, бұлқынған асау намысы



Апталық аясында төмендегідей шаралар өткізілді:

«Тіл – татулық тірегі» атты тақырыпта қабырға газетінің байқауы.

Университетіміздің 85-жылдығына арнау.

«Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз» атты қаламгерлер байқауы.

«Тіл-алаштың ары, бұлқынған асау намысы» атты қорытынды кеш.

1998 жылы 20 қаңтарда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Республика халықтарының ұлттық байлығы тілді қорғау мақсатында 22 қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдер күні» деп жариялаған еді. Атаулы мереке жаратылыстану-география факультетінің назарынан тыс қалған емес. Әрдайым студенттеріміздің белсене араласуымен жоғары деңгейде шаралар өтіп тұрады. 22 қыркүйек күні өткен қорытынды кешке факультетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Кеш биология ғылымдарының кандидаты, доцент, жаратылыстану-география факультетінің деканы Кайсағалиева Гүлжахан Смайловнаның құттықтау сөзімен салтанатты түрде ашылды. Сағатбаев Марлен, «Ақкербез» би ұжымы, Бекқазы Малика, Маумен Райгүл, Бердіқожаева Ғалиябану, Сүндетова Нұрай, Артаева Мадина, Жанакова Алтынай сынды студенттер өз өнерлерін ортаға салып, кештің сәнін келтірді. Кеш соңында аталған студенттер Алғыс

хаттармен марапатталды. Апталық қорытындысы бойынша қабырға газеті байқауында I орынды Б-15 тобы, II орынды хтов-11, хтнв-11 топтары, III орынды Г-13, Х-11 топтары иеленді. Университетіміздің 85 жылдығына ерекше арнау өлең жолдарымен жүлделі I орынды Нұрғалиева Айкүн иеленсе, II орынды Жасұланова Гүлназ, III орынды Тоғайбай Қарлығаш еншіледі. «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз» атты қаламгерлер байқауында I орынды Қанатова Арайлым, II орынды Калилуна Нұрайна, III орынды Ізімбетова Арайлым сынды дарынды студенттеріміз иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Қазақ тілі – халқымыздың тарихы, шежіресі, арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні. Қазақ тілі – халқымыздың өткен ұрпағын тарихи біртұтастық, ажырамас бірлік жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал. Мен әлемдегі ең бай, ең сұлу тілдердің бірі – қазақ тілінің құдіретіне әрдайым сенемін. Тіліміз бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» - деп Қадыр Мырзалиев атамыз айтқандай, өзге тілді білгенімізбен, халқымыздың ұлттық байлығы өз тілімізді ұмытпайық!

Сымбат ТҰРПЫМАНОВА,

жаратылыстану-география факультетінің 4-курс студенті



ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

12 сентября в нашем вузе проведено заседание «круглого стола» на тему « Вопросы введения единого стандарта алфавита государственного языка на латинской графике».

Открыв мероприятие вступительным словом и поприветствовав ученых, представителей Республиканских, областных, городских средств массовой информации, студентов, ректор университета академик А.С. Имангалиев, отметил, что данной проблемой ученые вуза занимаются на протяжении уже ряда лет.

Он указал на огромный общественный резонанс, вызванный программной статьей главы государства, широкую поддержку населением страны вопроса перехода с 2025 года государственного языка на латинскую графику.

А.С. Имангалиев подчеркнул важность предстоящей, третьей в течение века крупной реформы казахского алфавита, сказал об огромной роли и практическом вкладе научной общест-венности в предстоящую реформу.

11 сентября на Парламентских слушаниях представлен Проект нового алфавита казахского языка, поэтому руководитель вуза призвал участников заседания «круглого стола» принять активное участие в обсуждении проекта, внести конкретные предложения, а самое главное - начать работу по разъяснению положений Проекта широкой общественности.

Модератор встречи, директор института «Мәңгілік ел», А.С.Тасмағамбетов также подчеркнул важность поднимаемой на встрече темы, он предоставил слово известным в области ученых-языковедам, не первый год занимающимся вопросами совершенствования и функционирования казахского алфавита.

Первым выступил руководитель отдела областного Департамента внутренней политики Б.Х. Нарымбетов, он отме-тил, что перевод казахского алфавита на латиницу выведет алфавит на новую, более современную нишу международного интернет-пространства и сферу высоких технологий..

Доктор филологических наук, член недавно созданной пропа-гандистской рабочей группы по переводу казахского алфавита на латинскую графику - М. Б. Сабыр акцентировал свое внимание на масштабе предстоящих подготовительных работ, которые при их удачном проведении позволят более глубокому сближению казахов всего мира, и в конечном счете, помогут тесному инте-грированию казахстанской экономики в мировую.

Предстоящая реформа является исторической вехой в духовно-культурном развитии страны, и нужен взвешенный

и основательный подход к вопросу перехода на латиницу - с обеспечением всенародного участия населения в обсуждении Проекта, - отметил далее докладчик. Он остановился на явном не-совершенстве существующего казахского алфавита, потерявшего немало после реформирования алфавита Ахмета Байтурсунова, также перечислил сложности при переводе казахской лексики на русский и английский языки, которые по принятии нового алфавита должны быть устранены.

Председатель международного общества «Қазақ тілі» Б.О.Жексенғалиев остановился на проблемах, возникающих сегодня в соблюдении фонетической специфики, норм артикуля-ции, закона сингармонизма казахского языка. Отметил известный факт - сегодня при пользовании итернетом, он «не видит» ошибок в правописании казахских слов. Проект призван выправить это положение. Докладчик подчеркнул, что переход на латиницу не должен стать очередной компанейщиной и осуществиться сиими-нутно, поскольку - впереди большая вдумчивая работа.

Доктор филологических наук А.С. Кыдыршаев отметил,что работа над Проектом не терпит поверхностного подхода, что смена алфавита затронет только казахский язык и использу-емая кириллица никаким образом не пострадает. Латиница, по его мнению, выдержала многолетнее испытание временем, 80% народов мира освоили эту графику, переход на латиницу - это требование прагматизма, и он важен как Флаг и Гимн государства, но при условии,что необходимо довести Проект до совершенства.

Кандидат филологических наук, преподаватель вуза, К.Г.Аронов отметил, что предлагаемый Проект не должен стать единственным. Еще необходим большой обмен мнениями язы-коведов и экспертов, и приспособление алфавита к стандартам компьютерных технологий сами по себе не решат всех проблем, он также высказал свои соображения по имеющимся в Проекте недоработкам.

Доктор филологических наук, профессор Г.К. Хасанов пре-достерег от поспешного принятия норм Проекта, отметив, что практика Узбекистана и Азербайджана при реформировании алфавита своих языков показывает необходимость последова-тельной аналитической работы.

Руководитель Западно-Казахстанского областного

Департамента языков А.А. Мынбаева отметила, что сегодня важна кропотливая работа над едиными стандартами, обучение будет следующим этапом.

Участники заседания «круглого стола» поделились мнениями по широкому спектру вопросов организационного и технического характера.

Завершая работу заседания, Асет Сембаевич подытожил вы-сказанные предложения, призвал ученых целенаправленно, без излишних эмоций продолжить работу над разъяснением Проекта студенческому сообществу и населению, внести свой вклад в ра-боту по подготовке единого стандарта алфавита государственного языка на латинской графике исключительно в научном ключе, с учетом пожеланий широких слоев населения страны.



Вы видите сканированную страницу зачетной книги студен-та на латинице образцаа 1941 года . Принадлежала она студенту исторического факультета Файзулле Гумаргалиеву, призван-ному на фронт после первого курса обучения и погибшему на Сталинградском фронте. Зачетка передана племянницей бойца, преподавателем кафедры иностранных языков Н.Б. Куангалиевой в военно-исторический музей университета.

Собкорр.

Латын әліпбиіне көшу – ана тілімізді жаңғыртудың, рухани кемелденудің негізі

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарық көруі – еліміздің саяси өміріндегі елеулі оқиға. Рухани сілкініс тұрғысында қабылданған бағдарламалық маңызды құжатта салмақты елдік мәселелер көтерілді. Соладың бірі – таяу жылдардағы міндеттер сапында аталған қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау мәселесі. Бұл ұлттық мәселе бүгін ғана қозғалып отырған жоқ. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - делінген-ді.

Қазіргі дәуір тәжірибесі әлемдік ақпарат кеңестігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын таниды. Түсінген тұлғаға латын әліпбиі арқылы әлеми ақпарат кеңістігіне өту, жоғары технологияны игеру – елдің тұрмыстық деңгейін көтерудің ең ұтымды жолы. Демек, Тәуелсіз мемлекетіміздің жаһандық деңгейде дамуына жол ашатын латын әліпбиіне көшудің ғаламат жағдайы туып отыр. Біз мұны «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндігі деп танимыз.

Сондай-ақ, егемендіктің айғақ белгісіне Елтаңба, Ту, Әнұранмен бірге, күнделікті тірлік мазмұнын жазу да еңбек. Яғни, жазу – тек әріптер жиынтығы емес. Ғылым тілінде, жазу әліпби, таңба, ереже-емелерден құраламақ. Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Қысқасы, әліпбиі, таңбасы мен емле-ережесі үйлескен жазу – тіл егемендігінің кепілі. Тіпті, әліпби ауыстыруды айтпағанның өзінде, қазақ жазуын бір екшеп, саралап алар мезгіл жетті. Олай болса, бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру ісі деп қарамай, кең тұрғыдан жазу реформасына ұластыру орындылығы қолдарлық іс. Бұл ретте филолог ғалымдардың тұжырымдары бойынша мәселенің анығына келсек, қазіргі қазақ тілі жазуында тіл бұзар емле-ережелер қаптап жүр. Қазір Тәуелсіздік алып, қолымыз өз аузымызға жетті дегеннің өзінде де, мәңгүрт санамызға сіңіп қалған тіл бұзар емле-ережелерден құтылу оңай болмай отыр. Баса ескерер тұстың бірі – тілімізде өзге тілден зорлықпен енгізілген ережелер қағидаларының да жеткіліктілігі. Бұл – қазақ сөзінің айтылымын орыс сөзінің айтылымына мейлінше жақындату амалы. Сонда қазақ сөзінің өз айтылым үлгісін ескермегеніміз бе? Жазу – сол қазақ сөзінің төл айтылым үлгісін сақтаудың амалы. Бізді ойлантатыны – ана тіліміздің айтылым әуезінің, сәйкесінше әрі мен нәрінің бұзылып бара жатқандығы. Бұл орайда үлкендерден аса жауаптылықты талап етер тұстың бірі – тілдің емле-ережесі мектеп оқулығында екендігін ескеру. Ендеше қазақ тілінің 28 дыбысының дыбысталуы өзге тілдің дыбыстарына мүлдем дәлме-дәл ұқсатылмайтынын,

дыбыстардың өзара тіркесім емле-ережелері мүлдем бөлек-тігін санамызға жеткізе түю керек. Әріптеріміздің таңбалануы бірдей болғанымен, дыбысталуы бірдей еместігін ұғатын уақыт жетті. Демек, жазудың сөздің айтылымына ықпалы ерекшелігіне бойлай білсек, жазу жүйесін қалыптастыруға аса мән беру жөн. Себебі жазу ережелері - тілдің ішкі табиғи заңдылықтары сақталғанда ғана жүйелі. Жиынақтай айтсақ, жаңа төл әліпбиіміз қазақ сөзінің айтылым әуезіне, буын құрамына, морфем жігіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Бұл орайда кез келген жазу тілдің ішкі өзіне тән құрылымы мен табиғи айтылымына зиян тигізбеуі тиіс. Яғни, қазақ жазуы қазақ сөзінің үндесім әуезін дұрыс көрсетуі, дәлірек айтқанда, жуан айтылатын сөздің таңбасы мен жіңішке айтылатын сөздің таңбасының арасында көрнекі анық айырма болуы тиіс. Жазу қазақ сөзінің буын құрамын бұзбауы,қазақ сөзінің тасымал ережесіне сай болуы, қазақ тілінің морфем (түбір мен қосымшалар) желісін үзбеуі тиіс.

Түсіне білсек, ешбір ел әліпби құрамының көптігімен мақтана алмайды.Әріп санының көп болуы тілдің әліпбиінде бір кемдіктің барлығын аңғартады. Әріп саны неғұрлым кем болса, нағыз жетілген әліпби сол болмақ. Бұл ретте бізге ағылшын жазуының тәжірибесін пайдалану артық етпейді. Оларда аз таңбамен көп дыбысты белгілеудің ұтымды амалы бар. Емле-ережесінің күрделілігінен ағылшын жазуы ұтылған жоқ, қайта әлеми ақпараттық кеңістікте көш басында келеді.Дұрысы,орыс тілінен енген дыбыстарға арнайы таңба іздеудің қажеті жоқ. Бұл ретте де ағылшын жазуының тәжірибесі үлгі. Өзіміздегі бар таңбаны пайдаланып, емле-ереже жолымен өзге тілден енген сөздерді жазу орынды. Демек, латын әліпбиі арқылы орыс сөздерін қалай жазамыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Ескереріміз, ешбір мемлекетте кірме сөздің жазылуына орай қосымша таңба ойлап таппай, не де болса өз әліпбиіміздің құрамынан шығару дұрыс. Мәлімі, ағылшын жазуы өзіндік емле-ережесімен-ақ бүкіл дүние жүзін игеруде. Олай болса, қай тілдің де ең қиын мәселесі – оның емле-ережесі. Емле-ереженің оңайы болмайды. Екінші бір тілді үйрене алмау- сол тілдің емле-ережесін меңгере алмаудан. Осы орайда айтарымыз, латын әліпбиі мен ағылшын тілінің емле-ережесін шатыстырмау жөн. Әліпби латындікі болса да, емле-ереже қазақтың өзінікі. Қазақ жазуы үшін ағылшын тілінің емле ережесінің еш қажеті жоқ, өйткені қазақ тілінің төл дыбыстары бар болғаны 28, компьютер түйметақтасындағы 26 латын таңбалары толық жеткілікті.

Бұған қоса айтсақ, бізде латын графикасына көшуге тиімді алғышарттар да жоқ емес. Мәселен, бүгінгі таңда келешек ұрпақты көптілділікке (қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне) баулу мәселесі-заман талабы, сәйкесінше мемлекеттік шаралардың бастыларының сапында. Өркениетті елдердің тәжірибесі де – көптілді ұрпақ қалыптастыру. Демек, батыс елдерінде көп тіл білу- кәсіби жетістік. Қазіргі Қазақстан мемлекетінің тіл саясаты да осы арнада өрбуде. Ал мамандарды латынға икемдеп, қайта дайындауда да ақырзаман тудырудың еш жөні жоқ деп білеміз. Мұғалімдер үшін жұмыс бағыты әлімсақтан қалыптасып қалған мұғалімдердің білім жетілдіру институттары бар. Ал мектептердің өзі латын әліпбиін үйретудің ошағына айналады. Мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік кәсіпорындардың өз мүмкіншіліктерін ешкім жоққа шығармас. Ақылы-ақысыз тіл

АЕЛО ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВАЖНОСТИ

В ходе пресс-конференции 14 сентября Президент Казахстана выразил свое мнение по поводу представленного в Парламенте варианта казахского алфавита на латинице.

- *Переход на латиницу всех беспокоит. Об этом много говорили, наши ученые по моему поручению долго работали над этим, всю историю посмотрели, историю, как это внедрили наши соседи, Узбекистан, Турция, их опыт. И я говорил: чтобы не было крючков, чтобы сразу в компьютер можно было поставить, у них есть крючки, точки, запятые. Есть 8 букв, чисто казахский звук. Вот их надо изобразить. В этом есть вопрос*, - сказал **Нурсултан Назарбаев**. *Я предложил обсудить в парламенте. Парламент обсудил, высказались все, и сейчас (рассматриваем) детально. Когда будет консенсус, когда языковеды, историки придут к одному согласию - тогда я объявлю о новом алфавите. И это не означает, что завтра этот алфавит начнет работать*, - отметил президент.

Он подчеркнул, что кириллица продолжит играть свою роль.

- *Те, кто пишет кириллицей, говорит на русском языке, они могут не волноваться*, - отметил глава государства.

По словам президента, к 2022 году с первого класса начнется преподавание на латинице. Это будет несложно, так как все дети и большинство взрослых изучают английский язык, смотрят фильмы, читают книги на иностранном языке, **-70% информации в мире идет на латинице.**

Проект латиницы нужно доработать, так как в казахском языке нет букв щ, ю, я, ч, ю, я, твердого и мягкого знаков.

Переход на латиницу - важнейшее мероприятие для политики всего государства.

Я полностью поддерживаю политику нашего президента.

С.И. КАДЫРГАЛИЕВА,
ст.преп.кафедры иностранных языков

үйрететін орталықтардың өзіндік орны бар. Университетіміз де осы ұлтымыз үшін аса өзекті де қажетті ұлы іске қазірдің өзінде сақдай-сай, кім-кімге де адастырмайтын дұрыс бағыт сілтеуге даяр.

Қысқасы, латын әліпбиіне көшерімізге еш күмән жоқ. Уақыт алмай, білек сыбана іске кіріселік! «Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре тұра отқа түскендік болып шығады», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, жақсыдан үйренейік, жаманнан жиренейік, тек ұлттық келбетімізді жоймалық.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі



Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков 1947 жылдың шілде айында Жамбыл облысы Талас ауданының Ақкөл ауылында қызметшілер отбасында дүниеге келді. 1965 жылы Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені үздік дипломмен тәмамдап, Үш Арал орта мектебінде бастауыш сыныптардың мұғалімі дәрежесінде еңбек жолын бастайды. 1971 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына оқытушылық жұмысқа жіберіледі. 1974-1977 жылдары аралығында ҚазМУ-дың аспирантурасында оқиды. 1977 жылы кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына қайта оралып, КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушысы қызметіне қабылданады. Көпжылдық еңбек жолында Тұяқбай Зейітұлы оқытушы, доцент (1979 ж.), профессор (1991 ж.), КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі (1979-1988 жж.), тарих факультетінің деканы (1988-1991 жж.) лауазымдарында қызмет атқарды. 1990 жылы «Отан тарихы» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. 1991 жылдың наурыз айынан бастап ұжымның қолдауымен Орал педагогикалық институтының /1996 жылдан Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті) ректоры болып сайланды.

90 жылдары Кеңестер Одағының құлауымен байланысты еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінде түбірлі өзгерістер жүріп жатты. Қазақстан егеменді мемлекет ретінде танылды. Өз алдына мемлекет ретінде қалыптасу барлық салада да, соның ішінде, білім беру арнасында да сан алуан қиындықтар туғызбай қоймады. 90 жылдардың алғашқы жартысы институт үшін күрделі кезеңге тура келіп, Қазақстандағы жоғары мектептер жүйесіндегі реформалар жағдайында өтті. Қаладағы мемлекеттік емес жоғары оқу орындары жүйесінің құрылуы, ғылыми дәрежесі бар кәсіби мамандарға сұраныстың өсуі, мемлекеттік бюджет негізінде қабылдаудың күрт қысқаруы жағдайды тіпті қиындатып жіберді, осының әсерінен штаттың қысқаруы туындады. Бұндай жағдай бірқатар жоғары кәсіби деңгейдегі оқытушылардан айырылу қаупін туғызды. Десек те осы бір қайта құру кезеңінің аса күрделі тұсында институт Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орындарының бірі ретінде мысқал да төмендеместен өз биігінен көріне білді.

Ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында Тұяқбай Зейітұлы осынау қиын жылдарда институттың ғылыми-педагогикалық әлеуеті мен қалыпты жұмыс жасау жағдайын көтеруге тырысты. Ол бұл деңгейге толық қол жеткізді де. Институт кафедраларының және профессор-оқытушылар құрамының бірте-бірте ұлғая түсуі басталды. 1993-94 оқу жылына орай кафедралар саны 37-ге дейін көбейіп, ғылыми жұмыстың сапасы өсе түсті. Институт ұжымының табысты істері, оның ғылыми әлеуетінің өсуі мен жұмыс ырағының бір жүйеге келуі жаңа статустың өтуге мүмкіндік туғызды. Т.З.Рысбековтің тынымсыз еңбегі мен ыждағаттылығының арқасында 1996 жылы педагогикалық институт Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті болып қайта құрылды. Бұл экономикалық кибернетика, юриспруденция, информатика сияқты жаңа мамандықтарды ашуға мүмкіндіктер туғызды. Мамандандырудың жаңа түрлері енгізіліп, жеделдетілген оқыту формалары ұсынылды. Алғашқы тұстағы қиындықтар жойылып, ғылыми әлеует ұлғайып, студенттердің саны өсе түсті. Университет ректоры білім ордасының материалдық базасын нығайта түсу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жаңаша жүргізу бағытына баса мән берді. Негізгі ғылыми бағыттар анықталып, ғылымды дамытудың нақтылы нәтижелерге негізделген бірнеше жылдарға межеленген жоспары әзірленді. Университет тарихында тұңғыш рет кандидаттық диссертация қорғататын Диссертациялық Кеңес ашылды, оның төрағасы профессор Т.З.Рысбеков болды.

Ғылым докторларын даярлауға айрықша назар аударылды. 1997-1999 жылдары Қазақстан мен Ресейдің жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарына 9 доцент аға ғылыми қызметкер лауазымында жіберілді, олардың бесеуі 2000 жылға дейін докторлық диссертациясын қорғады.

Кандидаттық диссертациялар қорғау ісі де сырт қалған жоқ. Үш жыл ішінде (1996-1999) аспиранттар саны үш есе өсті. Жыл сайын онға жуық адам ғылым кандидаттары болып отырды.

Елімізге белгілі тарихшы-ғалым, қоғам қайраткері «Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер», «Парасат» орденінің кавалері, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Құрметті ректоры Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков бүгінде ердің жасы мерейлі 70 жасқа толып отыр!

Т.З.Рысбеков - ұстаз, ғалым

Бұл бағыттағы үдерістің толық жүзеге асуы үшін 1998 жылы редакциялық-баспа бөлімі, ақпараттық бөлім ашылып, жас ғалымдар үшін интернет арқылы байланыс жолға қойылды.

Реформаторлық жаңа идеялардың әсерімен қарышты даму үстіндегі университет бағыты белгілі бір мерзімге тежелді: үш жоғары оқу орны біріктіріліп, аймақтық Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ретінде жаңа типті оқу орны пайда болды. Алғашқыда Тұяқбай Зейітұлы осы оқу орны ректорының бірінші проректоры ретінде тағайындалды, ал 2002 жылы ол жаңа қызметке ауысып, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы болып сайланды.

Алайда мұндай конгломерат іспеттес құрылымның ғұмыры ұзаққа бармады. 2003 жылдың жазында Т.З.Рысбеков туғандай болып кеткен оқу орнына қайта оралып, ендігі кезекте М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ректоры болып қайтадан тағайындалды. Оның іске кәсіби тұрғыдан қарауы, жоғары оқу орнының даму келешегін қалтқысыз дәл болжауы көптеген адамдардың таңдайын қақтырып, кәсібилік тұрғыда өзіне ынтызар ете алды. Жоғары оқу орындарында білім берудің гуманистік аспектілері білім беру үдерісін жетілдіруге, оны дамытудың бірден-бір тиімді жолдарын іздестіруге бағытталды. Сөзсіз, оқу үдерісін үнемі жетілдіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау бағытын ұстану жоғары оқу орнының басты стратегиялық дамуын түбірлі тұрғыда анықтауға алғышарт бола алды.

2003-2007 ж.ж. кезеңінде Т.З.Рысбековтің жетекшілігімен университетте оңды өзгерістер жүзеге асырылды. Барлық мамандықтар бойынша оқытудың кредиттік технологиясы ендіріле бастады. Қалыпты білім беруден инновациялық жүйе сатысында дәстүрлі технологиялар жетілдіріліп, интерактивтік және ақпараттық технологиялар енгізілді.

2005 жылы «Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыстарының тиімділігін арттыру» бағытындағы университеттік бағдарлама жүзеге асырылып, Студенттік кеңес сайланып, оның құрамына студенттік президент және ректор, студенттік декандар, студенттік кәсіподақ, студенттік жатақхана кеңесі енді.

2005 жылы Қазақстандағы жоғары оқу орындарының алғашқыларының бірі ретінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Болоньядағы (Италия) білім беру үдерісінің жалпы еуропалық стандарттарын қолдауын танытатын Магна Хартия құжатына қол қойды.

2006 жылы наурыз айында Оксфорд қаласында Т.З.Рысбековке «Еуропалық интеграцияны дамытудағы жеке үлесі үшін» Халықаралық сыйлығы берілді.

2006 жылы сәуір айында Т.З.Рысбеков Хельсинкидегі Еуропалық Форум мүшесі ретінде Еуропалық Кеңеспен бірлестікте бірыңғай білім беру Кеңестігін құру мәселелері бойынша талқылауларға белсене қатысты.

2005-2006 ж.ж. Қазақстан, Ресей, Германия және Испания елдері ғалымдарының қатысумен «Әлемдік тарих контекстіндегі соғыс және бейбітшілік мәселелері», «Солтүстік Каспий өңірінің



биологиялық алуандылығы мен экологиялық проблемалары», «Ұлттық мұра және қазіргі таңдағы ұлттық мәдениет мәселелері» сияқты өзекті тақырыптарда халықаралық конференциялар ұйымдастырылып, Шара Жиенқұлова атындағы қазақ халық биінің республикалық III конкурсы өткізілді.

Осы жылдары университет бойынша мониторинг бөлімі ұйымдастырылды. Профессор-оқытушылардың кадрлық құрамын жақсарту бағытында кең көлемді жұмыстар жүргізілді: сараптама-лық кеңес, аттестациялау және конкурстық комиссиялары жұмыс жасады. Осының бәрі университет қызметкерлерінің ғылыми әлеуетін арттыруға септігін тигізді.

Осы жылдары университетте 12 мамандық бойынша магистратура, колледж ашылып, университетте үзіліссіз білім беру жүйесі жүзеге асырылды.

Т.З.Рысбековтің өмірінде ғылыми-зерттеу жұмыстары айрықша орынға ие.

Қазіргі кезеңдегі ғалым тарихшылардың негізгі міндеті— Қазақстан тарихының біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу және басты мәселелерді ғылыми зерделеу. Қазіргі Отан тарихындағы өзекті мәселенің бірі - Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен ұлттың дамуы. Қазақ халқының бай тарихының

кешегісін зерттеудің ғылыми да, практикалық та мәні ерекше. Т.З.Рысбеков тарапынан Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлт-азаттық қозғалыстар, жоғары мектеп пен білім берудің дамуы мәселелеріне арналған 150-ден аса еңбектер жазылды. Ғылыми еңбектерінің сапында мемлекеттік даму үдерісін біртұтас күйінде көрсетуге, не оның жекелеген аспектілерін таразылаған жұмыстары да бар. Мәселен, бұл ретте ғалымның «Қазақстандағы кеңестер (1938-1986 ж.ж.)» «Қазақстан тарихы бойынша очерктер», «Батыс Қазақстан тарихынан» атты монографияларын және облыстық, орталық басылымдарда жарық көрген мол көлемдегі мақалалар шоғырын атар едік.

Т.З.Рысбековтің қоғамдық жұмыстары да сан алуан. Ол бірнеше қайтара қалалық және облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Халықаралық Еуразиялық қозғалыстың саяси кеңесінің, еуропалық жоғары оқу орындарының ректорлар клубының, ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы ректорлар Кеңесінің мүшесі, ҚР ҰҒА-ның Батыс бөлімшесінің ғалым хатшысы.

Университеттің 85 жылдығы Т.З.Рысбековтің 70 жасқа толу мерейтойымен сәйкес келіп отыр. Өзіңіз суығына тоңып, жетістігіне марқайып, қуанған білім ордасымен бірге жасай беріңіз демекпіз!

Тұяқбай Зейітұлы - ұстаз, ғалым, республикаға танымал тұлға. Тұяқбай Зейітұлын зиялы қауымға кеңінен таныс еткен қырларының бірі - оның шын мәніндегі ұлағатты ұстаз әрі Қазақстанның жоғарғы оқу саласындағы ғылыми-ұйымдастырушылық, басшылық қызметі болып табылады. Ғалымның негізгі ғылыми-зерттеу жұмыстарының дені еліміздің Батыс өңірі тарихымен тығыз байланысты. Тарихшы-ғалым ретіндегі Тұяқбай Зейітұлының - «Отан тарихы өлке тарихынан бастау алады» деген ұстанымы. Сонау 1999-2000 оқу жылында бірнеше талапкерлермен бірге бағымды сынап, емтихандарды сәтті тапсырып, 07.00.02 - Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы) мамандығы бойынша аспирантураға оқуға түсу бақыты маған да бұйырып, ғылыми жетекшім ретінде Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы бекітілді. Ғылыми жұмысымның тақырыбы ретінде «Қазақстанның мұнай-газ кешендерінің даму тарихы (1985-2010ж.ж.)» (Батыс Қазақстан өңірінің материалдары негізінде) бекітілді. Бұл тақырып өзектілігі жағынан өте маңызды болып саналды, себебі тәуелсіз Қазақстан экономикасында елеулі орын алып отырған мұнай-газ кешендерінің қалыптасуы мен даму кезеңдерінің ғасырдан астам тарихы бар екендігі әуел баста-ақ зерттеліп, дәлелденді. Алайда, біз Кеңес Одағының ыдырауы қарсаңындағы, яғни, қайта құру кезеңіндегі аталмыш саланың даму деңгейі мен еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдардағы өнеркәсіптік кен орындардың даму тарихына тоқталдық. Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысының экономикасының дамуына қомақты үлес қосып отырған Қарашығанақ газ-кен орындарының даму тарихын тарихи тұрғыдан зерттеу біз үшін маңызды болды. Үкімет шетел инвесторларының капиталы арқылы тоқтап тұрған кеніштерді қалпына келтіру, өнеркәсіп саласында жаңаша бағытта жүргізіле бастаған жұмыстар жайлы мәліметтер топтамасын

жинақтауды алдымызға міндет етіп қойдық. Аймақтағы халықтың әлеуметтік, демографиялық дамуына, экологиялық, құрылымдық өзгерістеріне де осы зерттеу жұмысында көңіл бөлінді. Тұяқбай Зейітұлы тақырыпты зерттеу барысында негізгі басты міндет етіп Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде жаңадан ашылған кен орындарының жағдайы, Камен, Чинарев, Дариян алқаптарындағы жаңа геологиялық нысандарды іздестіру жұмыстарының нәтижелерін мұрағат құжаттары арқылы жазуды тапсырды. Әсіресе, Қарашығанақ кен орыны ашылғаннан кейін кеніштің Одақ көлеміндегі мәртебесін анықтау үшін ғылыми тұрғыда қосымша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ғылыми жетекшіммен біріккен зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Одақ кезінде аса құпия болған мұрағат құжаттары қарастырылып, тарихи айналымға алғаш рет енді.

Құрметті Тұяқбай Зейітұлы! Өзіңізден жоғары біліммен сусындап, ғылымға жолдама алған, барша шәкірттеріңіз – жас ғалымдардың - атынан келген мерейжасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

Л.С.СЕРИКОВА,
шәкірті т.ғ.к., доцент



Өнерлі еңбегімен таныған

Терең білімді ғалым, ұлағатты ұстаз, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, академик, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері - М.Е.Ержановты 70 жасқа толу мерейтойымен құттықтау рәсімі өтті.

Салтанатты шараға мәдениет және өнер факультетінің ұжымы, факультет деканы М.И.Исатаев, орынбасары С.М.Сатағалиева, дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер кафедрасының оқытушылары мен студенттері қатысты.

Мәдениет және өнер факультетінің деканы М.И.Исатаев құттықтау сөзінде М.Е.Ержановтың ғылым мен руханият әлеміне қосқан ерен еңбегін сөз етті.

В процессе выездного заседания методического семинара «Школа-ВУЗ –Школа» был проведен мастер-класс на местности по использованию современного оборудования для определения климатических показателей в походных условиях, изучена гидрография местности, так называемое «староречье», посещены краеведческие музеи, проведена встреча с местным населением. Собранный материал планируется использовать в процессе обучения, а также подготовки докладов на ежегодный научный проект школьников «География в моей жизни», который ежегодно проводит кафедра географии.

Таким образом, данное мероприятие, проведенное совместно с учителями географии города, будет способствовать реализации задач, поставленных в статье Главы

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ЧЕРЕЗ ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

Реализация программы предусматривала выездные заседания семинаров с целью крупномасштабного исследования территории области. Как правило, семинары имели тематический характер и проводились в наиболее значимых объектах природы области: Кирсановском государственном заказнике, горе Ичка, районе Красной школы, Кировского водохранилища и др. В этом году состоялся 12 выездной семинар, тема которого была «По Шолоховским местам Приуралья». Постоянные участники выездного семинара от кафедры географии - доценты З.Я.Сахарнова и Т.А.Терещенко., заместитель директора по науке областного центра истории и археологии кандидат географических наук С.К.Рамазанов были в составе выездной бригады. В этом году в семинаре принимал участие заведующий отделом экологического туризма Западно-Казахстанского областного центра детско-юношеского туризма и экологии Гатауов Н.Х.

22 мая 2017 года в 08 часов от корпуса естественно-географического факультета на автобусе участники семинара выехали по маршруту: Уральск-Желаево-Трёкино-Володарка-Дарыновское-Озерное-Рубежинское-Уральск. По ходу маршрута доцент Т.А.Терещенко представила характеристику этого района с начала 20 века, (так называемому «Оренбургскому тракту», изложенную в книге П.П.Семенова-Тян-Шанского «Россия» Полное географическое описание нашего Отечества. Том 18. Киргизский край», опубликованной в 1903 году. По ходу движения проводились маршрутные наблюдения, отмечались изменения в природе, населении и хозяйстве. Природные особенности маршрута характеризуются тем, что данная территория представляет древнюю террасу реки, где имеются выходы юрских песчанников и меловых отложений. По всему маршруту тянется широкой полосой лиственный и сосновый лес. В системе расселения, более чем за 100 лет, тоже произошли



же, как и 100 лет назад, немногим более 1600 человек. Здесь функционирует колледж, где готовят молодежь по рабочим профессиям. В музее этого колледжа представлена история села, которую собирает преподаватель колледжа, краевед-историк Милехин А.В. Он рассказал подробно о краеведческих исследованиях, проводимых им совместно с учениками.

Государства Президента РК «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в той ее части, которая посвящена краеведению.

Т.А. ТЕРЕЩЕНКО,
доцент кафедры географии ЗКГУ им. М. Утемисова

Школа-вуз

В центре учебного процесса стоит Ученик!

С 1 сентября 2016 года во всех школах страны началось внедрение обновленного содержания образования. Цель данного внедрения: создание образовательного пространства, благоприятного для гармоничного становления и развития личности ученика. В нашей школе функционирует творческая группа учителей, работающих по обновленному содержанию образования.

В состав группы входят учителя, работающие в 1 классах, учителя английского и казахского языков, учителя самопознания, школьный тренер Чернецова Л.Г., заместитель директора по УВР Тасеменова Г.С. С сентября 2017 года в эту творческую группу включены учителя 5, 7 классов. Вопрос обновленного содержания образования рассматривается на совещаниях, заседаниях педагогического совета школы, семинарах-практикумах. Большая работа проводится по информированию родителей учащихся: проведено 3 общешкольных родительских собрания, 1 родительская конференция, собрание с родителями учащихся 4 классов. На собраниях родители учащихся были ознакомлены с особенностями обновленной программы. Хочется отметить некоторые моменты в работе по обновленному содержанию образования: 1. Для учителей полностью подготовлена методическая база по каждому предмету имеются методические пособия. 2. Разработаны формативные и суммативные работы по каждому предмету. Это очень помогает учителю в работе. 3. Разработанные учебники в соответствии с обновленным содержанием соответствуют требованиям государственного общеобязательного стандарта образования, и отбор содержания

обучения проводится с учетом образования, ориентированного на результат. 4. У детей нет тревожности, нет переживаний по поводу плохих оценок и боязни эту плохую оценку получить, оценка выставляется в конце четверти с учетом всех баллов (которые переводятся в %) за суммативные работы. 5. Учителя охватывают все цели обучения учебной программы в процессе оценивания. В рамках подготовки к переходу на обновленное содержание образования 2, 5, 7 классов учителя школы занимаются самообразованием, с огромным удовольствием делятся опытом работы, рассказывают о содержательном отличии обновленных программ, изучают методы оценивания, содержание учебников,



инструктивно- методические документы, учебные пособия, обсуждают удачные моменты и трудности, возникающие в УВП, посещают уроки коллег.

Гульмира ТАСЕМЕНОВА,
заместитель директора по УВР областной специализированной школы №8 для одаренных детей

Драматургтың алғысы мен қаламгердің батасына марқайған күн немесе Алматы сапарынан бір үзік сыр

Алматы қаласы студенттік кезден ыстық. Төрт жылдық студенттік кезең аспирантурамен жалғасты. Ғылымға алғашқы қадам да осы жерде жасалды. Әдебиеттану ғылымының нағыз ғылыми мектебі, ғалымдар мен ақын, жазушы-қаламгерлер ортасы сағындырады. Әр барған сайын үлкен естеліктер қалады. Әр кездесу де бір тарихқа айналатындай.

Арнайы жиі ат басын бұрып тұрмағанмен, іссапарларға жол түсіп тұрады. Бұл сапардың жөні бөлек, бірақ.

Жұмыс уақытында хатшы қыз Алматыдан бір ата телефон соғып, мені сұрағанын жеткізді. Сол жерде тұрғам, телефонды көтерсем, Рита Сұлтанғалиеваның керек екенін айтты.

Ата, сұрап тұрған адамыңыз мен, Рита Сұлтанғалиевамын. Сені бұлай оңай тауып алам деп ойламадым.

Сұлтанәлі Балғабаев деген драматург, жазушыны білесің бе? Естуің бар ма еді?

Әрине, білем. Шығармаларыңызбен таныстым, талдап та жүрмін.

Сол талдауларыңыз арқылы сізді таптым. Менің біраз драматургиялық шығармаларымды талдаған екенсіз, біраз мақалаларыңыз жарияланған. Қазір интернет деген жақсы ғой. Өзің туралы кімнің не жазып, не айтып жатқанын біліп отырасың. Енді қысқа айтайын. Шаруам мынау. Менің 70 жылдық мерейтойыма орай халықаралық ғылыми-тәжірибелік үлкен конференция өтеді. Театрда бенефисім болады. Тағы біраз шаралар бар. Соған өзіңді шақырам. Пленарлық мәжілісте бас баяндама оқысаң деген ұсыныс айтам. Бағдарлама мен шақыруыңды өзіңе жеткізем.

Өңгіме осылай аяқталды. Шығармаларымен таныспын, театрда қойылымдарын да көріп жүрмін. Бірақ өзін көріп, сойлескен адамым емес. Келесі хабарласқанымызда баратындығымды жеткіздім. Конференция өтетін күн де жетті. Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының мәжіліс залында пленарлық мәжіліс өтті. Сұлтанәлі Балғабаевтің «Қыз жиырмаға толғанда», «Ең әдемі келіншек», «Біз де ғашық болғанбыз», «Қазақша күрес», «Ғашықсыз ғасыр», «Тойдан қайтқан қазақтар», «Әйелдер әлемі», «Сағыныш пен өлес» атты драмалық туындыларын талдап, драматургтың бүгінгі заман тынысын бейнелеудегі жаңашыл ізденістері, қазақ әйелі образының бейнеленуі және психологизм мәселелері, әзіл-сықақ интермедиялардың көркемдік идеялық ерекшелігі бағытында баяндама жасадық. Түстен кейін драматургтың туындылары бойынша қойылымдарды тамашаладық. Уақыттың тығыздығына қарамастан, кешкілік дастарханға барудың да сәті түсті. Әр өңірден келген қонақтар сөз алып, құттықтауларын білдіріп жатқан кез. Оралдың атынан барғасын, бір ауыз құттықтауымды жеткізіп тұрған сәтте біреудің шақырып жатқанын айтты. «Конференцияда баяндама жасаған қызсың ғой, атың кім? Қай жақтан келдің? деген сұрақтарын қойған адам «сізді шақырған Әбдіжәміл аға» деді. Абыз қаламгермен де, шығармаларымен де таныспын, Жазушылар Одағында болған кештерде көріп те жүрмін. Бірақ жақын сөйлесіп көрмелпін. Университетте оқытушымын деп айтып жатқанымда, «Менің қай шығармаларымды оқып жатыр жастар? Жалпы романдар оқи ма қазыр?» деген сұрақтарын төтесінен қойды. Өзім тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттен сабақ бергесін, бірден «Соңғы парызды» оқитынын, бұл сабақ өтетін топтар бұл романды түгел тапсырғанын айтқанда, қуанғанын да жасырмады.

«Соңғы парыз» романыңыз тәуелсіздік кезеңіндегі (1999)



қазақ романы, бұл шығармаңыз Кеңіс дәуірінде жазыла бастағаны белгілі ғой. Алғашқы нұсқалары кітап болып жарияланып та үлгерген. «Соңғы парыз» роман-дилогиясының басты табысы туралы қазақ және әлем әдеби сыны түйінді ойын айтып та үлгерді. 3. Қабдоловтың бағалауында «Соңғы парыз» романыңыз қазіргі қазақ прозасының айтулы үздік жетістігі екенін білеміз.

«Табиғат тақырыбы өзіңізді ертеден толғандырып келе жатқаны айқын. «Қан мен тер» романындағы басты кейіпкердің бірі Төңірберген мырза: «адам аспанға тырмысып шықпасын деңіз. Шықты екен, аспанды да ластайтын түрі бар» дейтіні де бар.

«Заманақыр – азғынды өмір кезеңі» дейтін Абайдан қалған сөз бар. Табиғатты азғындатқан адам қай оңған тірлік жасайды дегізеді ғой роман. Бірақ қолдан ақырзаман туғызушы шенқұмар, баққұмарлар оңай алдыратын жау емес. Ондайлар өмірде басым түсіп жатады. Әдебиет – гуманизм құралы. Оның өз серті бар. Жамандық жазаланбай қалмауы тиіс. Сіздің шығармаңыз да ежелден келе жатқан бұл дәстүрден ауытқымайды. Арал қасіреті – адамзаттың экология мәселесін елемеден туған қасіреттің бір көрінісі. Аралдың азып-тозып бара жатқанына адамзат немқұрайлы қарамауы тиіс. «Адамзат, енді сен оян! Соңғы парызың – осы!» дегізетін шығармаңыз туралы барынша осылай түсіндіреміз дей бергенде, қай жақтың қызы екенімді сұрады. – Оралданмын, – дедім. «Қызым, мен сөзге сараң адаммын жалпы. Жайықтың қыздарының жаны сұлу ғой. Бақытың баянды болсын. Әбдіжәміл атаң мандайынан бір сүйеді» деп қысқа қайырды. Бұл да жай естелік болмасы анық. Алматыға деген сағыныш драматургтың алғысын, қаламгердің батасын алуға ұласқан күн ретінде мәңгі естелік боп қалары сөзсіз.

Рита СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
ф.ғ.к., қазақ филологиясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

ОЛИМПИАДАДАН олжмен оралды

Жыл сайын дәстүрлі түрде республикалық пәндік олимпиада оздырылады. Биыл алғаш рет біздің университеттің «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша студенттер командасы Қарағанды қаласына барып келді. VIII республикалық пәндік олимпиадасында «Топтық бірлік пен ынтымақтастық» номинациясы бойынша айрықша қабілет таңытқаны үшін III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Команда құрамында Төреяхметова Жарқын топ басшысы болып ерекше көзге түсті. Ал «Әртістік қабілеті» номинациясы бойынша Қожабергенова Аяда бар өнерін ортаға салды.Сонымен қатар Джакасова Алтынай және Кенжалы Айкүміс ерекше белсенділік танытты. Махамбеттей баһадүр батырымыздың есімін танытып, университетіміздің айбынын асқақтатып, болашақ педагог-кадрлардың жоғары біліктілігін көрсетті.

Қазіргі таңда «Балапан 2020» бағдарламасы кең етек жайып, балаларды жүз пайыз балабақшамен қамтамасыз ету жұмысы оң қарқын беру үстінде. Еліміздің мемлекеттік стандарты бойынша әрбір бала орта білім алуға міндетті. Соған орай барлық білім беру мекемесінде педагог-кадрлардың жоғары тәжірибелі болуын міндет ету үстінде. Олардың қатарына болашақ тәрбиешілер де кіреді. Ал бұл орайда аталмыш төрт студенттің өздерін болашақ педагог ретінде республика көлемінде дәлелдеуі көңілге қуаныш сыйлап, мақтаныш сезімін оятады. Олар ректорат және деканат тарапына шексіз алғыс жариялайды. Олардың қолдауы арқасында өздерін жақсы қырымен таңытып, еліміздің, университетіміздің атын асқақтатып келді. Бұл қыздарға болашақта саналы педагог болуын тілеймін. Тәуелсіздігіміз баянды, жастарымыз жалынды болғай...

Топ жетекшісі магистр Муканова Нұржанат Ергенқызы.

Аида ХАСАНОВА,
06301 топ студенті

ЕЛІМ ДЕГЕН ЖАСТАР БАРДА

Елім деген жастар барда, ертеңім дейтін аға буын бар. Еліміздің болашағы – жастар. Баһадүр батыр Махамбет бабаның ұрпағы ретінде қазіргі жастар бәсекеге толықтай қабілетті. Жүрегімізде патриоттық сезім, жалындаған үміт, бойымызда қуат, ойымызда ақыл, санамызда білім барда біз үшін ешқандай кедергі жоқ. Еліміздің көк туын желбіретер жастар әрдайым «Алаш» деп ұрандайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында жастарға сенім артып келеді. Солардың ішінде жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге үлкен үмітпен қарайды.

Қазіргі жаһандық бәсеке еліміздің алға қарай қарыштауына үлкен мотивация болды. Ғылым саласы жас, жыныс талғамайды. Бастысы - еңбегің адал, ізденісің мықты, ойың таза болу міндет. Ғылым қателікті кешірмейді. Сол себепті жастарға айтарым, ғылым жолында есер ескеңіз түзу, барар аралыңыз нақты болғай. Сонда ғана көздеген жеріңізге айқын барасыз.

Біздің педагогика факультетінде ғылым жолындағы ізденіс жұмыстары өзінің жемісін беру үстінде. Студенттердің еліне деген ыстық махаббаты, ұлттық нақыштағы киімдерді киіп, отандық өнімдерді жиі тұтынулары үлкен қуантарлық жайт болып табылады. Жалынды жастарымыз тек алға ғана бағыт алып, егемендігіміздің түтінін түзу қылғай...

Аида ЖАНТӨРЕҚЫЗЫ,
06301-топ студенті

Алынбайтын асу жоқ!

Instagram әлеуметтік желісінің мотивацияға арналған паракшасынан мынадай бір керемет сөзді көзім шалып қалды: «Өркім өзі қалағандай өмір сүруге міндетті!» Иә, бұл жердегі «қалағандай» деген сөз заңға қайшы келетін іс-әрекеттермен айналысу, қоғамға кесірі тиетін нәрселерді жасау деген мағына емес, керісінше, адал жолмен өзі қалаған нәрсені армандап, соған қалай да жету дегенді білдірсе керек. Ұйқыға жатар алдында әрқайсымыз әйтеуір бір жарқын болашақты аңсап, армандайтынымыз хақ. Дегенмен таңертең тұрғанда өмір қайтадан өзінің күнделікті арнасына түсіріп, түнде ойлаған ойымыздың көпшілігі ұмыт болады. Ал ойға алғанын қалайда іске асырмай қоймайтын адамдар арамсызда кемде-кем. Ақиық ақын Мұқағали жырлағандай:

Мына өмірде, жүрегіңде,

Бойыңда ыстық қан барда

Болмысты да, болмасты да

Болады деп арманда!

Расымен де, сол арманымыз өзімізге керемет жігер беріп, бізді алға жетелейтін бір ғаламат күші! «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» демекші, өз өмірімізді қалай құратынымыз, қандай бағыт таңдайтынымыз, қай салада жұмыс жасап, қай салада кәсіп ашатынымыз тікелей өзімізге байланысты. Кейде өзімнің әке-шешеме қарап, олардың кезінде бар мүмкіндікті пайдаланбай, бір ғана орта арнаулы біліммен шектеліп қалғанына қарасам, сондай талпынғым келеді, олар алмаған асуды алғым-ақ кеп тұрады. Әдемі өмір сүргім келеді, өдемі киінгім келеді, өдемі жүргім келеді, көп оқып, көп білгім келеді, мүмкіндіктер сондай көп! Сондықтан еңбектенуіміз қажет, өйткені алынбайтын асу жоқ!

Алтынгүл ДАУЛЕТБАЕВА,
фил-32

Я верю в нашу молодежь. Уверен, ваши знания, ваша энергия и ваш труд будут работать на построение сильного и процветающего Казахстана.

Н.А.Назарбаева

*Поездка
в Астану*

С 20 по 21 сентября в «Назарбаев центре», библиотека Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы, прошёл двухдневный республиканский семинар-тренинг на тему «Казахстанский путь: Мәңгілік Ел», в котором приняли участие 24 лучших студентов ЗКГУ им.М.Утемисова: студенческие деканы, активисты, лидеры молодёжных организаций, призёры республиканских и международных конкурсов. Со студентами в поездке была Бактығалиева Эннака Самигуллаевна, старший преподаватель отдела по социально-культурной работе ЗКГУ им.М.Утемисова.

В течение двух дней участники семинара слушали лекции по темам: «На пути к «Мәңгілік Ел»: уроки истории», «Политическое измерение: независимость и национальная безопасность», «Экономическое измерение: индустриализация и общество всеобщего труда», «Идеологическое измерение: общенациональное единство, историческая общность и высокая духовность», приняли участие в тренингах и практических интерактивных занятиях. Также для студентов были проведены экскурсии по Библиотеке Елбасы, Национальному музею Республики Казахстан и музею Первого Президента РК.

В завершающий день семинара участники защищали свои проекты. Особо интересной для молодых людей стала встреча с Саясатом Нурбеком, управляющим директором Международного финансового центра «Астана», политологом, юристом, магистром геополитики и международной безопасности, понравившимся студентам своим позитивом, простотой и завидной энергией. Он свободно отвечал на



вопросы, давал студентам дельные советы.

– Следует избегать трёх вещей, о которых говорил ещё Топе би - это упрямство, лень и чрезмерный сон. Ну и, конечно же, надо работать, трудиться, заниматься спортом, развиваться, учить языки. Хотел бы отметить, что в будущем время будет временем инновационных технологий, и поэтому если вы хотите быть незаменимыми и востребованными специалистами, то вы должны креативно и нестандартно мыслить, что доступно машинам.

После встречи заместитель директора Библиотеки Елбасы Амирхан Рахимжанов вручил участникам семинар-тренинга сертификаты.

– Мы рады видеть вас в стенах Библиотеки Первого Президента,- отметил он,- Ведь у нас хранится много уникальных экспонатов, документов и книг. Вы хорошо себя проявили и я уверен, что ваши знания и навыки помогут вам достигать более высоких вершин.

Айша КЕМЕШОВА,
участница семинара-тренинга, Фил/п-32

Нақылнама:

Дауға салса, алмастай қиған, сезімге салса, қырандай қалқыған, ойға салса, қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақты Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен...

Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар, ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани ақыл-ай қазынасын сақтаушы ақын болған. Олардың арасынан шыққан беделді де құрметті, тілі өткір шешендер халықтың көкейтесті ой-пікірін ел билеушіге бетің бар, жүзің бар деп жалтақтамай, көзіне тұп-тура ашық та батыл айтып салудан тайынбаған.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті



2013 жылы қазанның 30-ынан бастап шығады - Издается с 30 октября 2013 года

Сырым Датұлының туғанына 275 жыл

Аталы сөздің құны қанша?

**Жақсы мінез, ізгі іс бірін-бірі көтеріп Алланың құзырына жеткізеді.
Құран-Кәрімнен**

Халық даналығына үңілсек, аталы сөз атан түйеге татиды. Аталы сөзге арсыз ғана таласады. Түркі әлемінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына рухани мирас болып қалған құнды ойлардың баршасы сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Арлы арғы аталарымыздан бастап тілге, сөзге ерекше мән берген. Арлы адам жарлы болмас деген. Халық даналығында *«Сөзден асқан байлық жоқ, тілден асқан жүйрік жоқ», «Естіге екі сөз де жетеді», «Ұлы сөзде ұят жоқ», «Сыпады сөздің сыны кетпейді», «Ұлы сөзден-ұлағат», «Басқа пәле тілден», «Адам сөзінен жазады», «Іріген ауыздан шіріген сөз шығады», «Сөзден де көз шығады», «Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар», «Жақсы сөз жұбатар, жаман сөз жылатар»* іспетті ғибраты мол түйіндер бар. Демек,халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Халық даналығы – тілінде. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, орамдылығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ал даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел,қанатты сөз (афоризм), нақыл сөз, шешен сөз,өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым - тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген тұрақты қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

«Жақсы сөз - жан азығы». Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тыңдаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тыңдаушының тағатсыздана досқан асыл арманына сәйкес, дтіттеген ойына сай, мақсат - мүддесін дәл тауып, тап басатын, көңілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісек, «аузыңа – май, астыңа – тай!» деп жатуы тегін емес. Бұл ретте мақал-мәтел – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші, асыл сөз - көненің көзіндей сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шындықты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлақтанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, патриоттық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер, өсиет сөз - өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас ұрпаққа арнап айтқан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері, көсем сөз - ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санасына сіңіп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл,бағдарлы да мақсатты ой-түйіндері, тәмісіл - мақалға да, мәтелге де жақын әрі ұқсас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұрақты тіркестердің бірі. Қысқасы, бұлар – халық даналығының алтын қоры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осынаша халықтық құндылықтың асыл-тегіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде.

Сөзге ой түрткі. Ой – тамызық. Ой – адам рухының тұғыры, адамзат өркениетінің қозғаушы күші. Сөз – құдірет. Көне Шығыс ғұламалары бұны айқын сезінген. Асылы, ат тұяғынан жаратылған қазақ үшін сөзден қуатты, сөзден асыл ештеңе жоқ. Бір ғажабы, бабаларымыз жығылғанды сөзбен көтерген, жылағанды сөзбен жұбатқан , дұшпанды сөзбен тоқтатқан. Қазақ халқының ұлттық менталитетінде сөз дертке дәрмен болар ем, жасқа ұлағат болар тәрбие, келешекке аманат қылып қалдырар асыл мұра тұрғысында ұғынылған. Демек, сөз өнері қазақтың қанына сіңген таусылмайтын байлық. Ал жастайынан тамыры тереңде жатқан түгесілмейтін қазақ ойының қазанынан сусындай білген ұрпағымыз сөзді түстеп те, салмақтап та, астарлап та білуі тиіс. Себебі сөз қасиетін таныған ұрпақтың ары да, жігері де, намысы да таза болары даусыз. Сөз - сиқыр. Сөз - ойды ұрпақтар игілігіне айналдырушы асыл айна, зерек зерде. Сөз де, ой да - халық болмысын, рухы мен дүниетанымын танытушы адамдық қос құдірет. Ал афоризм - сөзге айналған ойдың, оймен нұрланған сөздің сән-салтанатын паш ететін бірегей тұжырымды түйін.

Ой - рухани мәдениет мәйегі. Ол материалдық мәдениет жасаудың негізгі құралдарының бірі ретінде маңызды. Өзіндік қисыны мен шарттары бар және өзіндік мақсат-мұраттарына сәйкес жаратылып, дамидын төлтума болмыс тұрғысында да құнды. Бұл ретте афоризм - ойдың материалдық көрінісі. Үзік ой, оқыс пікір, оқшау сөз! Афоризм - шағын көлемге кең мағына сыйғызып, ой айтудың тиімді де әсерлі тәсілі. Афоризмның адам жанын баурап, жүрегін жаулап алатын сиқыры бұл саланың өнермен, эстетика табиғатымен туыстас, бауырластығын аңғартады.

«Афоризм» («aphorismos») сөзі көне грек тілінде «шағын үзінді», «бүтіннің бөлшегі»,«үзік»,«фрагмент»,«қысқаша анықтама» ұғымдарына сай. Бұл термин орыс тілінде ХҮІІІ ғасырдан бастап ғылыми айналымға түскен. «Ресей Академиясының сөздігінде» (1789 ж. жарық көрген) «афорисм» деп алынған. Бұл терминді қазақ ғалымдарының арасында

тұңғыш қолданушы Ш.Уәлиханов: «Қазақтардың ұшан-теңіз өлең жырлары, әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар», - деп жазады. Әйгілі ғалым терминнің мағына-лық, құрылымдық және ұғымдық ерекшеліктерін дөп баса отырып, екі мәселеге ерекше маңыз берген. Біріншісі, афоризмнің белгілі бір авторға телініп және ақыл-кеңес сипатында болатындығы, екіншісі - оның жеке жанр екендігі. Өз заманының терең интеллектуал тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеев бұл терминді «ұшқыр ой» мағынасында қабылдаған.

Афоризм табиғаты таңғажайып. Тиісінше афоризм туралы пікірлер де сан алуан. Кейбірі төмендегіше: «Афоризм - это граненый алмаз мудрости» (*Гарун Агацарский*), «Афоризм - это алгебра мысли» (*Георгий Александров*), «Афоризм - это мысль, исполняющая пируэт» (*Жорис де Брюйн*), «Афоризмы подобны адвокатам, неизбежно видящим лишь одну сторону дела» (*Энтони Берджесс*), «Хорошие афоризмы - горькое лекарство в приятной оболочке, которое лечит, не оскорбляя вкуса» (*В.Швебель*), «Единственный способ читать книгу афоризмов без скуки - это открыть ее наугад и, найдя что-то интересное, закрыть книгу и предаваться размышлениям» (*Шарль-Жозеф де Линь*), «Афоризм - как пчела: в нем и золотистый мед, и ядовитое жало» (*Кармен Сильва*), «Изречения великих людей подобны позолоченным ложкам: позолота сходит от частого употребления,так и блеск афоризмов теряется от частых повторений» (*О.Бальзак*), «Мышление афоризмами характерно для народа» (*М.Горький*), «Афоризмы - камертоны жизни», «Афоризм - это мысль, отшлифованная опытом» (*А.Лаверухин*), «Афоризм - это оригинальное выражение банальной мысли» (*Э.Севрус*), «Афоризм содержит полправды – необычайно высокий процент» (*Габриэль Лауб*), «Любой афоризм что орех: снаружи хорош, а внутри на три четверти пуст» (*Фернан Вандран*), «Можно ли считать афоризм приговором? Да, по отношению к автору, афоризм оставляет больше места для человека» (*Станислав Ежи Лец*), «Афорист - добытчик аттической соли для чужих кушаний» (*Веслав Брудзиньский*), «Вы заметили, что мы обращаем гораздо больше внимания на мудрые мысли, когда их цитируют, чем когда мы встречаем их у самого автора?» (*Филип Хаммертон*), «Будущее литературы - вафоризме. Его нельзя экранизиро-вать» (*Габриэль Лауб*), «Читая древних мудрецов, часто находишь что-то свое» (*Болеслав Вольтер*), «Не пора ли ввести колывчвание крылатых слов?» (*Борис Брайнин*), «Не надо мне некролога - лучше напечатайте на этом месте мои афоризмы» (*Аркадий Давидович*).

Қазақ афоризмдерінің асыл арнасы сак-скиф дәуіріндегі ойылдар сөздерінен, көне түркі жазбаларынан бастау алады. Яғни, қазақ афоризмдерінің бастау көзі арғы қазақ арналарынан тарата айтқанда, б.з.д. Y-ҮІІ ғ. бағзы мәдениет бұлақтарынан саналады. Бұған біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 555 жыл бұрынғы атақты Анахарсистиң *«Тән - жанның, жан - жаратқанның аманаты», «Жақсылық та - тілден, жамандық та - тілден», «Сыұ жеңеңдікі, сөз төреңдікі», «Қынамақтардың арасында ақылды болу да ақымақтық», «Бақытты шаңырақ дегеніміз - жылтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы», «Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ», «Маскүнемдікке салынып кетпес үшін ұсқынсыз ішкіш бейнесін ұдайы көз алдыңда ұстаған жөн», «Үй дегеніміз - балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының да жемісі», Тоқсарының (Токсарид) «Достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артық», «Қынадықта көп бергеннен асқан берік достық жоқ», «Құдалық та - достықтың дәнекері», «Дос көп болмайды», Тоныкөктің (Тоң-ұқық) «Ақыл иесі - сөз иесі», «Қағаны батыр, ақылгәуі кемегер елдің бағы жанады», Білгені (Мерген) «Түркіні бұзар - тәтті сөз», «Дарақылық үмітіңді үзіп, қанатыңды қияды», «Түркі жұртының тоқмейілсуден асқан дұшпаны жоқ», Құптегиннің «Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күн болмағай!», «Ағасын танымаған іні азар, атасын танымаған ұл азар», «Білмегенге ермеген», «Көлгірдің күні қараң», «Кетіскеннен кеткескен жаман» деп тұжыруы айқын дәлел. Демек, қазақ афоризмдері - сан ғасырлық тіршілік тағылымынан нәр алған даналық ақыл-ой тұнбасы. Афоризмдер - көшпелілер мен олардың ұрпақтарының өмір суру тәжірибесін паш ететін ұлттық санамызда, ел зердесінде ерекше із қалдырған ұлы тұлғалар мен ұшқыр ойлы замандастарымыздың ұлағатты сөз тәмсілдері. Интеллектуалдық қазына қалпындағы афоризмдер - адам, адамзат тағдыры туралы тұжырымдар. Афоризмдер - қысқа да нұсқа ойнақы ой мен сиқыр сөзден өрілген тарих, ұлт тағдырын ұрпақтар сөзінің сабақтастығымен айғақтайтын рухани желі, уақыт тынысын, заман, қоғам мінезін танытар таңғажайып куәлік. Афоризмдер - халық сөзінің небір жауһарлары,сұлу сөздің қадірін білетін, шешен сөйлеуді өнерге балайтындар үшін шеберлік шыңдау мектебі.*

Өріне, афоризм - абсолютті айқын шындық, дайын рецепт не әлдебір даяр нұсқаулық та емес. Олай болса, қазақ афоризмдеріне қазақ философиясының төл табиғатын ашар, тақырыбы мен тәсілін тануға жол сілтер ғылыми көркем жүйе ретінде қарау дұрыс. Қысқасы, афоризм - адамзат өркениеті мен мәдениетіндегі рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін шағын пәлсапалық ой, тәжірибелік түйін, логикалық қисын, әлеуметтік-саяси, моральдік-этикалық және эстетикалық көзқарас, туындыгерлік тұжырым түріндегі қысқа да нұсқа көркем туынды, бейнелі кестеленген нақыл сөз. Басты шарттары – өмірлік құбылыстар мен адамдардың іс-қимылына, мінезіне орайлас көзқарастағы анықтық, ой шындығына адалдық, пікір жинақтап қорыту

мен түйін жасаудағы логикалық жүйелілік және ойды жеткізудегі дәлдік пен қысқалық. Афористік туындыда әр ой өзінше өзгеше өрнектелген бөлек бітімге ие.

Зерделетушілердің бірқатары афористиканы сөз өнерінің бір түріне жатқызады. Мәселен, данышпан Абай сөз өнерін өлең сөз , қара сөз және ғақлия сөз (афористика) тұрғысында таразылайды. Демек, афоризм – өмір тәжірибесін барынша ықшам әрі өте жинақы кескіндеу құралы. Бұл жүйеде образдан гөрі ойға көбірек салмақ салынады, суреттеуден гөрі салыстыруға, өрнектеуден гөрі ойласуға басымдық беріледі. Логикалық-ғылыми тұрғыдағы тезистердегі талдау тазалығы мен дәлел жүйелілігінен гөрі ақиқатын ойша дәлелдеп емес, бастан өткізу арқылы ғана танып-білуге болатын бірегей рухани тәжірибеге сүйенілмек. Мәселен, афористика жанрында туындылар қалдырған жазба ақын-жазушылар сапында дана Абай шығармаларының шоқтығы айрықша. Абай- афоризмнің кең көлемді классикалық талаптарын терең білген, меңгерген және осы үлгідегі ой жауһарларын жасаған әлем ақыл-ой алыптары деңгейіндегі ғұлама ойшыл. Бұған қоса айтсақ, Шөкәрім Құдайбердіұлы («Өмірдің басы бала, ортасы адам», «Орынсыз ұмтылу-дан сақтайтын алты түрлі ноқта бар: олар- ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық. Ең әділі – ынсап, өзгелердің тізегін сонда болуға тиіс», «Анық байлық – бойға біткен өнерің», «Бет сұлулығы тән сыйы емес пе, дауыс пен сөз сұлулығы жан сыйы ғой. Өріне, тән сыйынан жан сыйы артық екенінде дау жоқ. Бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды, ал сөз бен ән сұлулығын танушы аз»), Ғабит Мүсірепов («Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз», «Есті сөзді естісің келмеген адам саңы-рауға тең», «Оқыс сөз, одыраң мінез үлгісі жоқ ұлдың, көр кеткен қыздың белгісі»), Бауыржан Момышұлы («Қайрат етер кезінде – жүк көтерер нардай бол, Ақыл айтар кезінде – жүз жасаған шалдай бол», «Әдіссіздік – әлсіздік», «Елтілік те ерлік»), Мұзафар Әлімбаев («Ескерткіш то-за да, естелік тозбайды», «Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады», «Әркім өз ескерткішін өзінің көзі тірісінде өз қолымен қалайды», «Ұстаз ұқтыра алмағанды өмір ұқтырады»), Қадыр Мырза Әлі («Мақсаты кішіден үлкендік шықпайды», «Адамдарды тоқтықпен де жазалауға болады», « Қайғының кішкентайы болмайды», «Мықты қарт мықты жастан шығады», «Өкені ұлы жеңеңде немересімен жеңеді»), Әбіш Кекілбаев (« Қандай заманда да өз бақыты жолында күресе білмейтін адамның өз өмірін мазмұнды, мағыналы ете алуы еш мүмкін емес», « Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі.Одан көл үзген қауым – келешегінен қол үзген қауым», «Дүниедегі ең қатерлі кесепат үйреншікті дағдының дегенінен аса алмау», «Жаманның құтын қашырудың жалғыз жолы- жақсының нұрын тасыту», «Кісілік деген- өнер емес, ғылым», «Құймақұлақ әрі жұқа жүрек шәкірт бола білген адам ғана өнегесі мол кісілікті ұстаз бола алады», «Биік талғамсыз, биік парасат жоқ», «Жақсы болудың жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ», «Заманауи мінез: қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды») афоризімдерінен де тұңғыш тереңдік пен тектілік айқын аңғарылады.

Бүгінде афористиканың жанрлық жіктелуі ұғымдық және терминдік тұрғыдан әлі жан-жақты терең зерттеліп, ғылыми қалыпта жүйелене қойған жоқ. Бұл оның негізгі жанры афоризмге де қатысты. Қолданбалық мәніне молырақ назар аударылатын өсиетнамалық афористикалық шығармалар өсиет, кеңес, нақыл түрінде айдарлануда. Сондай-ақ афористиканың қанатты сөз , гнома, апофтегма, хрия, максима секілді жанрлары да бар. Мәселен, «гнома» (грекше gnome пікір, түйін)-ықшамды түрде ұйқастырып айтылған екі немесе төрт тармақты өлеңмен келетін нақышты сөз. Араб, парсы, үнді әдебиеттерінде жиі кездеседі. Ежелгі грек , Рим поэзиясында да қолданылған. Кейін Еуропа әдебиетінде де өткір философиялық ой-тұжырымды қысқа қайырып айту үшін осы үлгі қолданылған. Біздіңше, афористиканың өмірзендігі оның танымдық ерекшеліктеріне байланысты. Афористика – өткен ұрпақтардың өмір тәжірибесін, мәдени және өркениеттік ой қазынасын жоғалтып алмай, жаңғырта отырып, келер ұрпақ көдесіне жаратуға мүмкіндік беретін бірегей тиімді тәсіл, ақыл-ой диалектикасының алтын көпірлерінің озығы. Адамзат тәжірибесінің жүйеленген афоризмдерін ақпараттық тұрғыдан қабылдап, өңдеуге жеңіл ой қолайлы көркем қазынасының жаңа ұрпақтардың ыстық ықыласына ие болуы – саф алтын түйіршігі іспетті көне сөз өнерінің жарқын өміршендігінің айқын белгісі.

Жинақтай айтсақ, афористика – даналық тұнбасы.Ұшқыр ойды көркем образға айналдыру өнері. Даналықтың тылсым құпиясы осы өнерде. Даналық тұнбасының мөп-мөлдір бұлағынан нәр алу , астарлы да ақарлы ой құнарынан нұр алу қашанда жан байтар, жігер жандырар, өмірі көзқарастарыңды қалыптастырар, күрмеуі көп тіршілік құпияларын танытар қастерлі дәстүр. Ата-бабамыздың, адамзат баласының жер бетінде өмір суру тәжірибесінің қыр-сырларын көңіл көзінен өткізгенге не жетсін! Тарих төріндегі талай марқасқа бабалардың ғана емес, заманы бір толымды заңғарлардың ойына ортақтасудың өзі қандай! Демек, бүгінгі студенттерді- ертенгі кәсіби мамандарын , Абай ғұлама айтқандай, «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам» ретінде баулуда осынау ұлы мұраның , даналық ойдың орны орасан. Ендеше, афоризм – тілсіз тәлімгер , шынайы шипагер емші. Аталы сөздің атан түйеге татитындығы да осында. Олай болса, күллі әлемге белгілі қоғам қайраткерлерінің, нар тұлғалы азаматтардың өмірдің ащы-тущысын көргендігі, тәжірибесінің молдығы, көңілге түйгенін тереңдігі, одан алған тағылым- тәжірибесінің ұланғайырлығы алдыңғы ата-бабалардың даналық қазынасына құлақ қоюынан, әлемдік өркениет-мәдениет тұңғығына зер салуынан, замандас әріптестерінің елең еткізер ойларына сыни көзқараспен қарай алуынан деп білеміз. Ел үшін тер төгуде, тіпті күнделікті тірлікте сәтті ой өруде, онсыз да жетпей жататын уақыт шіркінді үнемдеуде, тұйықтан шығарар жол көрсетуде мол жәрдем етер осынаша асыл рухани мұра үзіктерін, алтынның жарқылдарын ерінбей - жалықпай топтастыру, келешек жастарға үлгі ете ұсыну - даусыз ғибратты іс.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, п.ғ.д., профессор

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҮЛКЕНДІ ДЕ, КІШІНІ ДЕ БІРІКТІРГЕН - СПАРТАКИАДА

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 85 жылдығына орай жаратылыстану-география факультетінің ұйымдастыруымен қыркүйек айының 24-інде «Жастар энергиясы» атты спартакиада өткізілді.

Шара барысында 1-курс студенттерімен бірге ағабуын өкілдері де ой бөлісіп, спорттық ойындар ойнады. «Танылмаған талант» атты байқау оздырылып, белсене қатысқан студенттер марапатталды.




Жаратылыстану-география факультетінің белсенділері

Жақсы оқулық - білім негізі


Құрметті қызметкерлер, оқытушылар, студенттер және магистранттар!

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының ұсынысы бойынша Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапхана қорына үш тілде білім алатын топтарға арналған ағылшын тілінде бірнеше оқулықтар келіп түскенін хабарлаймыз. Аталмыш оқулықтарды сала бойынша қызмет ететін кітапхана оқу залдарынан таба аласыз. Келіп түскен әдебиеттердің тізімі:




Қоршаған ортаны қорғау

Mukatayeva Zh. S. Chemical ecology: Textbook / Zh. S. Mukatayeva.- Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016.-308p.




Математика

Seiketov A. Algorithms, Data Structures and Programming: Textbook/ A. Seiketov.-Almaty, 2016.-288 p.




Физика

Jumadillayev K. N. Teaching methodology of physics: Textbook/ K. N. Jumadillayev, Zh. K. Sydysova.- Almaty, 2016.-312 p.




Химия

Органическая химия **Azimbayeva G.T.** Organic chemistry: Textbook/ G.T. Azimbayeva.- Almaty, 2016.-313p.




Биология

1. Генетика **Aydarbaeva D.K.** Genetics: Textbook/ D.K. Aydarbaeva, K.K. Muhambetzhano, Z.S. Kenzhebaeva, R. Zh. Zhunusova.- Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016.-244 p.





2. Физиология



Balgimbekov Sh. Physiology development of pupils: Textbook / Sh. Balgimbekov, R. Aizman, G. Tashenova, T. Nurkenov.- Almaty, 2016.-280p.



3. **Imankulova S.K.** Botany: Textbook/ S.K. Imankulova, L.B. Seilova, D.M. Amanbekova, A. Sh. Shokanova.- Almaty, 2016.-280 p.




Техника ғылымдары Sarsenbayev N.S. Actuators of Automatic Sistem: Textbook/ N.S. Sarsenbayev.- Almaty, 2016.-234 p.



Жантану

Аманова I.K. Psychology: Textbook / I.K. Amanova, A.T. Kamzanova.- Almaty, 2016.-270 p.



Білім беру

Movkebayeva Z. A. Inclusive education: Textbook/ Z. A. Movkebayeva, A.T. Iskakova.- Almaty: Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016.-236p.

Алаш Орда

Алаш, Алаш деп соғады жүрегім,
Сан-жылдар ұран етіп келемін.
Еске алып, тарихымды ақтарып,
Алашыма арналады өлеңім.

Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек, Мағжандары,
Қазағымның дара туған тұлғалары.
Ұрпақ үшін жандарын пида еткен,
Тілектері бір еді, бейбіт заман армандары.

Жүз жыл болды Алаштың тарихына,
Бес арыс қазағымның баласына.
Сталиннің бұйырған үкімінен,
Берілді жалған айып, ату жазасына.

Міне, бүгін ғасыр жетіп, жүзге толды Алаштың
Ұмытылмас ұлы дана, батырын.
Бұл күнде азат елсің, тәуелсіздік тұғырың,
Көгіңде желбіреп тұр мәңгі көк Байрағың!

Нұрғұл ҚАЛАБАЕВА,
Мәдениет және өнер факультетінің
3-курс студенті

Мои первые летние каникулы

Наступивший сентябрь постепенно создает новую рутину и влечет нас в неё, в то время как мы до сих пор не можем отвлечься от мыслей о летних каникулах. О наших первых летних каникулах. Наполнены они лишь яркими красками и живыми эмоциями от хороших воспоминаний и бесценного опыта.

Трехмесячное путешествие, под названием «студенческие каникулы», берет свое начало с июня. Именно тогда я поняла, что тесно связанные понятия «отдых» и «каникулы» не всегда совпадают по назначенному времени. Ибо, сразу начался первый трудовой семестр молодежного отряда «Жасыл Ел». Это был незабываемый опыт. Потому что, во первых это наша первая официальная работа, так же мы познакомилась с интересными людьми и стали более бережливыми к окружающей среде. Таким образом качество, приобретенное в июньском месяце для бойцов отряда «Жасыл Ел» – терпение и трудолюбие.

Жаркий месяц июль. Он снял всю усталость и дал ощущение реального лета. Поход с друзьями в кино, на пляж и танцы, семейный пикник, поездка в посёлок, простые просмотры фильмов и чтение книг. Вот чем сопровождалась половина июля. Начиная с другой половины июля до середины августа, работа в сфере питания и обслуживания клиентов, очень утомив слабую меня, дало желание вернуться на учебу ещё больше. И я, вся при желании учиться и трудиться начала подготовку к новому этапу, уже ко второму курсу, с огромным вдохновением. Так же попрощалась со своим наставником бывшим редактором газеты «Өркен», с нашей любимой Мартой Орынбасаровой и погрузилась в ожидание нового редактора вместо неё. Кстати, им оказался выпускник нашего университета 1975 года, Назар Каленович чему мы очень рады.

И дальше сентябрь, первый звонок, знакомство с новыми первокурсниками, долгожданная теплая встреча с куратором, с преподавателями и с одноклассниками. В этом году день знания пришелся на 2 сентября параллельно с моим днём рождением. Это было для меня в какой-то степени чеством родиться именно в этот день. Ведь это не новый год, или 8-марта, а День Знаний, день открытия новых дверей для тебя, день начала трудной, но такой интересной дороги, называемой гордо «студенчество».

Да, по-моему, это лето обычного «среднестатистического» студента. Думаю, у многих оно прошло подобным образом. И теперь, уже как более опытный человек-второкурсник я бы хотела посоветовать новой волне первокурсников найти своё любимое занятие в стенах университета, вкладывать в неё силы с душой, ну и, конечно же, успехов в учебе. Мы всегда будем очень рады видеть вас в «Өркене».

Сая ДУЙСЕНБАЙ

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Назар Каленович КУАНГАЛИЕВ

ТІЛШІЛЕР:

Сая ДУЙСЕНБАЙ,
Айша КЕМЕШОВА, Ақкенже БЕРКЕНОВА

Корректор: Ақзия Әділқызы НИЯЗҒАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.:50-41-46